

БҰЛ НӨМІРДЕ:

ӨНДІРІС ТЫНЫСЫ

ЦЕХ ЖҰМЫСЫ ҮЗДІКСІЗ ЖАЛҒАСУДА

Болашағына үлкен үміт артқан «Бұрғылаудай» алып мекеменің көшін алға сүйреп, өсіп-өркендеуіне үлес қосып жатқан цехтар жайлы әңгіме бөлек. Солардың бірі – Бұрғылау ерітіндісін дайындау цехы...

(3-бетте)

ӨНДІРІС ТЫНЫСЫ

«ҚАЗТЕХМҰНАЙСЕРВИС» «ДУНГА» КЕНІШІНДЕГІ ІРІ ЖОБАҒА ҚАТЫСУДА

«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС-і еліміздің мұнай-газ өндірісіндегі ұңғымаларды күрделі жөндеумен айналысатын 70 жылдық бай тәжірибесі бар ірі компаниялардың бірі...

(7-бетте)

ИННОВАЦИЯ

КАЙДЗЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖОБАСЫ СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Инновациялық бағыт – кез келген кәсіпорын үшін тұрақты экономикалық өсімнің кепілі. Мұнай саласының қазіргі даму үрдісі осыны айқын көрсетіп отыр...

(9-бетте)

ӘРІПТЕС

БІР КҮНДЕ 300 ДАНА ҚҰБЫР ТЕКСЕРІЛЕДІ

Алдыға мақсат қойып, соған жету жолында біртұтас команда болып жұмыс істеп жатқан ұжым үшін әр адамның еңбегі бағалы. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз «ТрубРемЦентр» серіктестігіндегі тәжірибелі мамандардың бірі – Хасен Өсербаев.

(12-бетте)



Суретте: «КазТехМұнайСервис» ЖШС-нің Дунга кен орнындағы бригадасы

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Біз үшін бұл күндердің әрқайсысы мәнді-мағыналы әрі қастерлі.

Еліміздегі көпұлтты халықтың татулығы мен ынтымақтастығы – біздің ең басты байлығымыз. Оны көздің қарашығындай сақтауға тиіспіз. Ел басына күн туған қиын кезеңдерде ұлан-ғайыр жерімізге қорған болған ата-бабаларымыздың ерлік дәстүрлерін абыроймен жалғастыру – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Ал Жеңіс күні біз жанқиярлық ерлік пен ерен еңбектің, мызғымас бірлік пен мұқалмас қажыр-қайраттың үлгісін көрсеткен ата-әжелеріміздің рухына бас иіп, тағзым етеміз.

Осындай айтулы мерекелерге орай Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Береке-бірлігіміз арта берсін! Жарқын болашақ жолында атқарып жатқан игі істеріңіз бен жаңа бастамаларыңыз табысты болсын!

Гайдар Адамсопиев,
«KazPetroDrilling» АҚ Президенті



«ЖІГЕРМҰНАЙСЕРВИСТІҢ» ПОТЕНЦИАЛЫ ӨТЕ ҮЛКЕН

Гауһар Орынбасарова,
«ЖігерМұнайСервис» ЖШС

Бүгінде импортты алмастыру бағытындағы ізденістердің Қазақстан экономикасы үшін айырықша өзекті болып отырғаны жасырын емес. Осыны негізге алған «ЖігерМұнайСервис» серіктестігі де қазір жаңа салаға, яғни тау-кен өнеркәсібіне бағыттала бастады. Өнеркәсіптің бұл саласында да мол тәжірибе жинақтаған кәсіпорынның тың талпынысы көңіл қуантады.

Компанияның Бас директоры Эльдар Серікбайұлы Байболов мырзамен арадағы әңгіме барысында осы тақырыппен қатар кәсіпорынның бүгінгі тыныс-тіршілігіне қатысты көптеген жайттар сөз болды.

– Эльдар Серікбайұлы, әңгімемізді өзіңізді таныстырудан бастасақ. Қай жерде және қандай отбасында өмірге келгеніңіз, кәсіби біліміңіз, еңбек жолыңдағы алғашқы қадамыңыз туралы қысқаша айтып өтсеңіз?

– Сөзімнің басында осы сұхбатты ұйымдастырғандарыңыз үшін сіздерге алғыс айтық келеді!

Мен Тараз қаласында, интеллигенттердің отбасында өмірге келдім. Әкем де, анам да – инженерлер. Ата-анамның жолын қуып мен де жоғары білім алдым. Алматы қаласындағы КИМЭП (Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты) институтын тамамдадым. Ал магистратураны Қазақстан-Британ техникалық университетінде оқыдым.

Екінші курста оқып жүргенде архитектуралық дизайн және құрылыс мекемесінде жұмыс істедім. Тұрғын үйлердің сыртқы және ішкі 3D бейнесін жасаумен айналыстым және сол дизайнға қатысты техникалық бақылау шараларына қатыстым. Ол кезде 3D модель жасау онша кең тарала қоймаған еді. 3D Studio Max, AutoCAD тәрізді арнайы бағдар-



ламаларды үйрететін курстар тек интернетте ағылшын тілінде болды. Сондықтан өз бетімше ізденіп, оларды интернеттен оқып үйренуіме тура келді. Аталған мекемеде екі жыл жұмыс істедім. Одан кейін бір жылдай жеке кәсіппен айналысып, бұрынғы клиенттеріме жобалар жасадым.

– Институтты бітіргеннен кейін не істедіңіз?

– Институтты бітірген соң «Сбербанк» мекемесінде өндірістік тәжірибеден өттім. Артынан сонда жұмысқа кірдім. Бірақ банктегі жұмыс маған ұнамады. Дәл сол тұста «PriceWaterhouseCoopers» халықаралық аудиторлық фирмасы қосымша жұмысқа қабылдау туралы конкурс жариялады. Сол жұмысқа барсам деген оймен онлайн анкета толтырып, тест жаздым. Содан кейін екі рет әңгімелесуге шақырды. Бір айдан кейін жұмысқа қабылданытым туралы ұсыныс алдым.

Танитын адамдар маған бұл компанияда жұмыс жасаудың қиын екендігін айтты. Түнгі 11-12-ге дейін жұмыс істейсің, кейде тіпті түнеуге де тура келеді. Бірақ жақсы тәжірибе аласың деді. Шынымен де солай болды. Соған қарамастан ол компанияда төрт жыл жұмыс істедім. Мұнай және машина құрылысы, энергетикалық компанияларға аудит жүргізген кездерде көптеген өндірістік процестермен таныстым. Ол мекемелердің қалай жұмыс істейтінін, қандай бизнес процестер болатынын көрдім.

– Холдингке келгенге дейін де біршама тәжірибе жинақтаған екенсіз ғой?

– Иә, солай деуге болады.

– Ал «KazPetroDrilling» компаниясына қай жылы келдіңіз?

– 2013 жылы әріптестерімнің бірі маған «KazPetroDrilling» компаниясы қаржылық менеджер іздеп жатқанын айтты. Мүмкіндікті жіберіп алмау үшін компанияға телефон соғып бірнеше рет сөйлестім. Содан кейін жүзбе-жүз әңгімелесуден өттім де, 2013 жылдың желтоқсан айынан бастап компанияға қызметке орналастым. Екі жарым жыл Алматыдағы Холдингте қаржылық есеп дайындау процестерін оңтайландыру және автоматизация жұмысымен айналыстым, жаңа жобалардың экономикалық көрсеткіштерін санадым.

2016 жылы «КазБурИнвест» компаниясына ауысып, Атырауға қоныс аудардым. Осы кезде өндірістік цехтармен тереңірек таныстым. Қандай өнімді қай стандарттармен шығару керектігін жөрдім, тапсырыс берушілерімен кездестім. Жалпы алғанда, операциялық іс-шараларды әлдеқайда жақсы түсіне бастадым.

«КазБурИнвест» компаниясында қызмет атқарған төрт жылдың ішінде өндірістік кәсіпорындардағы бизнестің ерекшеліктерін жақсы түсіне бастадым. 2020 жылдың аяғында «ЖігерМұнайСервис» серіктестігіне Бас директор болып тағайындалдым.

– «ЖігерМұнайСервис» компаниясының Бас директоры қызметіне тағайындалған кездегі кәсіпорынның жағдайына қандай баға берер едіңіз?

– 2020 жыл пандемияның нағыз өршіген кезі ғой. Бұл кезде тапсырыстар көлемі кәдімгідей төмендеп кетті. Бүкіл елдегі өндіріс саласы сияқты біздің компанияның жағдайы да онша жақсы болмады. Пандемияға байланысты көптеген жобалар тоқтап қалды, тапсырыс берушілер барлық жоспарларын өзгертті. Бірақ кез келген жағдайда несиелік міндеттемелерді төлеуіміз керек қой. Сондықтан қосымша тапсырыстарды іздеуіміз қажет болды. Ұжым өкілдерінің бәрі соны түсінді.

Ал тапсырыстарды іздеу үшін біріншіден, стратегия болуы керек. Міне, сондықтан шұғыл түрде стратегия әзірлеу және жаңа идеялар мен ұсыныстарды жинақтау үшін стратегиялық сессия өткізуге дайындалдық. Сөйтіп, 2021 басында стратегия дайын болды. Сол бойынша жұмысқа кірістік.

– Командаңызға көңіліңіз тола ма? ЖМС командасының кейінгі жылдардағы жетістіктері жайлы айтсаңыз?

– Маған «Жігердің» командасы бұрыннан ұнайтын. Егер мен тағайындалғанға дейінгі және одан кейінгі командамызды салыстырып қарасаңыз, біздің жаңадан ешкімді қоспағанымызды көресіз. Әрине, функционалдық өзгерістер болды, біраз адамдар кетті. Бірақ біз ол лауазымдарға бірінші кезекте өз қызметкерлерімізді тағайындауға тырыстық.

Ал егер жетістіктер жайлы айтар болсақ, қазіргі кезде біздің инженерлеріміз «Karachaganak Petroleum Operating» жобасында «Baker Hughes» компаниясының инженер мамандарымен бірге жұмыс жасап жатыр. Бұл ұғымның тереңдігі 6000 метрге дейін жетеді.

Біздің бұрғы қашауларымыз «Karachaganak Petroleum Operating» жобасында жақсы нәтижелер көрсетті. Бұл жұмыстарды біз 16 дюймдық қашаулармен бастадық. 2022 жылы бұл жобаға 17 ½ дюймдық қашауды қостық. Қазір 12 ¼ дюймдық қашаулар мен PDC кеңейткішті қосуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар тау-кен кәсіпорындарына арналған қосалқы бөлшектерді тәжірибелік-өндірістік сынақтардан өткізудеміз.

– Өмірлік ұстанымыңыз туралы білсек? Ұжымды басқаруда қандай қағидаларға сүйенесіз? Корпоративтік мәдениетті жетілдіру және қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыс жоспарымен таныстырсаңыз?

– Жеке тұлға ретінде алсақ та, біртұтас компания ретінде алсақ та біздің әрқайсымыз келесі құндылықтарды ұстанамыз: қауіпсіздік, қызметкерлер сапасы, тапсырыс берушілер, технологиялар және тұрақты даму. Біздегі корпоративтік мәдениет пен кәсіби біліктіліктің негізі міне – осылар.

Биыл біз өндірістік инфрақұрылымды жөндеумен айналыссақ дейміз. Көтергіш крандарды алдық, инспекция жүргіздік, жөндеу жұмыстарымен айналыстық және қосымша тағы бір кранды сатып алдық. Ендігі жоспарымызда крандарды жөндеу және цехтардың ғимараттарын ретке келтіру жұмыстары тұр.

Оған қоса «Baker Hughes» компаниясындағы жобаға қатысатын бұрғылау инженер-



лерін тренингтен өткізуді жоспарлап отырмыз. Цехтардағы қызметкерлерге де арнайы курстар ұйымдастырсақ деген ойдамыз.

– «ЖігерМұнайСервистің» қазіргі өндірістік потенциалы қандай? Отандық мұнай сервисі нарығындағы үлесі бойынша алғанда, компанияны Қазақстандағы үздік ондықтардың қатарына қосуға бола ма?


– Біздің миссиямыз: еліміздің толыққанды отандық өндіріске көшуін жеделдету. Біз болашақта өзімізді Қазақстандағы алдыңғы қатарлы жетекші компания әрі елдегі негізгі салалар үшін технологиялар жеткізушілердің бірі ретінде көреміз. Біз ортақ табысқа негізделген интеграцияланған шешімдерді ұсына отырып, мүдделі тараптармен өзара тиімді және ұзақ мерзімді ынтымақтастық құрудың негізін қалаймыз.

«Жігердің» потенциалы өте үлкен деп сенемін. Мұнай саласы бойынша да, тау-кен саласы бойынша да біз өте көп заттар өндіре аламыз. Біздің алдағы жолымыз осы болмақ. Әрине, мұны іске асыру үшін уақыт керек.

Бұдан жиырма жыл бұрын қытайлық өнімдердің сапасы төмен болатын, ал қазір қытайдан келетін импорттың сапасы жоғары деңгейде. Себебі Қытай компаниялары экспортқа шығаратын заттардың 90%-ын өздеріндегі ұлттық компаниялардан сатып алады. Сондықтан жылдан-жылға сапасы жақсарып келеді. Қазіргі кезде қытай өнімдерінің сапасы батыс компанияларымен бірдей. Мұндай тәртіп тек Қытай ғана емес, барлық елдерде бар. Мысалға, Италия компаниялары Италиядан алады, Ресей компаниялары Ресейден алады.

Өкінішке орай, қазақстандық компанияларға барлық жерде қолдау көрсетілмейді. Біздің қазақстандық компаниялар көп заттарды Ресей мен Қытайдан алады. Сондықтан менің ойымша, біз бір-бірімізді қолдауымыз керек. Қазақстанда жасалатын заттарды шетелдік компанияларға бермей, Қазақстанда сатып алу керек. Сонда екі-үш жылдан соң олардың сапасы да көтеріледі. Бірақ бұл жерде алып-сатуға болмайды, тек Қазақстанда жасалған заттарды, сервисі ғана қолдану керек. Мұндай қолдау болмаса, отандық өндірісті дамыту процесі ұзаққа созылады. Ал жанды қолдау болса, отандық өндіріс өріс алады.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!



ЦЕХ ЖҰМЫСЫ ҮЗДІКСІЗ ЖАЛҒАСУДА

Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

Болашағына үлкен үміт артқан «Бұрғылау» алып мекеменің көшін алға сүйреп, өсіп-өркендеуіне үлес қосып жатқан цехтар жайлы әңгіме бөлек. Солардың бірі – Бұрғылау ерітіндісін дайындау цехы.

Бұл цех – бұрғылау саласының маңызды бөлімі. Себебі ол жер қойнауын қазғанда ұңғыманың жан-жағына құм-тастың құламауын қамтамасыз етеді. Бүгінде бұл цехта 38 қызметкер бар. Олардың қатарында электрші, дәнекерлеуші, жөндеуші, бұрғылау ерітіндісін дайындаушылар бар. Мұндағы қызметкерлер технологтардың сұранысы бойынша қажетті ерітінділерді дайындайды. Одан соң олар тиісті орындарына жеткізіледі. Бұрғылауда авариялық жағдай болып жатса, мысалы, газ немесе су шығып қалса, мамандар осы жерден ауыр ерітінді даярлап береді. Яғни өндірісті химиямен қамтамасыз етеді.

Күнделікті жұмыс барысында мұнда графит, барит концентраты, биоцидол, акрилды полимер, кальций карбонаты, сода бикарбонаты секілді химиялық заттардан сан түрлі ерітінділер әзірленеді. Дайын болған ерітінділер тельфер арқылы көліктерге тиеліп, бұрғылау және игеру цехтарына сұраныстары бойынша күнделікті жеткізіліп тұрады.

Бөлім бастығы Жұма Асабаевтың айтуынша, цехқа жаңадан бірнеше өндірістік химия алынған.

– Жаңадан асфальтен алынды. Бізде айына 2500-3500 куб асфальтен ертіндісі дайындалады. 450 кубке дейін бұрғылау балшығы жасалады. Бұрғылаудан келген ерітінділер өңделіп, қайта өндіріс басына жіберіледі. Жыл бойына 5000 кубқа жуық ерітінді әзірленді. Қазір де жаңа технология бойынша жасалған бірнеше химикаттар әкелініп жатыр. Сонымен қатар цех көлемінде арнайы химиялық өнімдерді жинақтайтын жүк тиегіш құрылғылары қарастырылған ғимараттар салынды. Қазір

біз солардың пайдасын көрудеміз. Осы жақында ғана ескі ғимараттарға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жұмысшылардың жағдайын жақсартуға мекеме тарапынан көңіл бөлінуде, – деді цех бастығы.

Жұма Асабаев «Бұрғылау» мекемесінде 1996 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Ол Шегендеу цехында механик, одан соң цех бастығының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған. 2003 жылдан бастап ерітінді дайындау цехында еңбек етуде. Бүгінде ұжымды шеберлікпен басқарып отырған талапшыл басшы.

Мұнда білікті де тәжірибелі мамандар қызмет етуде. Жұмыс 12 сағаттық 2 ауысыммен жүреді. Электрліктер 8 сағаттық, 5 күндік қызмет атқарады. «Қызметкерлеріміз тәртіпті, өте үлгілі. Осы мамандарымыздың арқасында жұмыс өз деңгейінде жүріп жатыр. Олардың әлеуметтік жағдайларына да әрдайым көңіл бөлініп отырады», – деді Жұма Асабаев риза көңілмен.



Жаңалықтар

ӘЗ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ КӨПШІЛІКТІ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕДІ



тасын көтеру, арқан тартысу, асық ату, ләңгі тебу тәрізді ұлттық құндылықтарға толы жарыстардың көркін қыздырды. Жарыстың бір ерекшелігі әділ қазылар алқасына ұсынылған көненің көзін көрген зейнеткерлеріміз салтанатты шараға шақырған ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, әділ бағаларын берді.

Наурыз тойға арналған цехаралық жарыста үздік атанғандарға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Көңілдің көктемдей болғаны соншалықты ауланың бір жағына құрылған алтыбақан таңертеңнен түске дейін бір босаған жоқ.

Дүбірлі думанды тамашалауға келгендер көңілдері қуанышқа толығып, ұйымдастырушыларға алғыстарын жаудырды. Ұлттық киімдерімен көрік берген ұжым қызметкерлері сонау карантиннен кейін кең көлемде тойланған, думанға толы наурыз тойының куәсі болып, көңілдеріне қуаныш ұялады. Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілген, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі бұл жолы естен кетпестей дүркіреп өтті.

Ұлыстың Ұлы күні Әз Наурыз мерекесі автобекет аймағында болды. Құнды нақыштармен безендірілген киіз үйлер тігіліп, алтыбақан құрылды. Мерейлі мерекені Кеңдірлі мәдениет үйінің қызметкерлері алуан түрлі ән-биге, күй мен сахналық көріністерге толтырды.

Ұлттық болмысымызды айшықтайтын Наурыз мерекесіне «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қайырбек Елеусинов, Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Нұрберген Худибайұлы, «Бұрғылау» ЖШС Бас директоры Қанат Ермекұлы және «KazPetroDrilling» АҚ-ға қарасты еншілес мекемелерден келген қонақтар қатысты. Қайырбек Сағынбайұлы ұлтымыздың мерейін өсіріп, бірлігімізді жарастырған Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, әрбір отбасына ауызбіршілік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық тіледі.

Наурыз тойының сәнін кіргізген Бұрғылау, Игеру, Шегендеу, ӨҚБ, БЕДЦ цехтары мен Әкімшілік аппараты арасындағы жарыс тартысқа толы болып қызықты өтті. Әсіресе алғаш рет өткен әйелдер арасындағы арқан тартысу сол жердегі баршаның назарын ерекше аударды. Сонымен қатар «Бұрғылау» қызметкерлері мерейлі мерекеді үздік дастарқан, ұршық иіру, жүн сабау, ұлттық киім үлгілерін көрсету, бір



ЖАЛҒЫЗ БАСТЫ АНАНЫҢ БАСПАНАЛЫ БОЛУЫНА КӨМЕКТЕСТІ

Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

Рухани кемелдену кезеңі – мейірімділік пен қайырымдылығымызды, сабырлылық пен кешірімділігімізді арттыратын қасиетті Рамазан айының соңғы онкүндігінде «Бұрғылау баспана» қайырымдылығының кезекті 10-ыншы баспанасы мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты анаға бұйырды.

Баласын әр жерге апарып емдетіп, шырылдап барын салып жүрген жалғыз басты ананың мұқтаждығын сырттай естіген «Бұрғылау баспана» белсенділері кезекті 10-ыншы баспананы бір ауыздан Қарлығаш Тұрмамбетқызына беруді ұйғарды. Анасынан ерте айырылған Қарлығаш Тұрмамбетқызы тағдырдың тауқыметін тартып жүрген жандардың бірі. Бір қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған ананың кіші ұлы медицина тілімен айтқанда, «ДЦП», яғни церебральді сал ауруымен ауырады. Қарлығаш табысының негізгі бөлігін балаларға массаж жасау арқылы табады. Көбіне сал ауруымен ауыратын балаларға көмектеседі.

Қарлығаш Тұрмамбетқызы осыған дейін 3 бөлмелі үйді көршісінен қарызға алған екен. Бірақ 4 миллион теңге көлеміндегі қаражатты әлі төлей алмаған көрінеді. Осыны естіген «Бұрғылау баспана» қайырымдылық қорының белсенділері бір айлықтан жиналған 4 миллион 700 мың теңгенің 4 миллионын сол қарызды жабуға жұмсады. Қарыз өтелген соң нотарисуқа барып үйдің құжаттарын Қарлығаштың атына рәсімдеп берді. Ал артылып қалған 700 мың теңгені баланың еміне және тұрмыстық қажеттілігіне қолдануға табыстады.

Осылайша күтпеген жерден баспаналы болған жалғыз басты ана қиындығын жеңілдетіп, аңсаған арманына жетуге дәнекер болған «Бұрғылау баспана» өкілдеріне шексіз алғысын білдірді.

– Осындай жақсы жандарға жолықтырған Аллаға сансыз шүкір етеміз! Өздігімен көмек сұрап әкімшілікке де, өзге орындарға да бармадым. Себебі «Аш адамға балық берме, қармақ бер» деген қағиданы қатты ұстанамын. Шамам келгенше қиындығымнан өзім шығуға тырысып келемін. Бірақ кейде қанша тырыссаң да шамаң жетпей жататын кездерің болады. Енді міне, кеше арман болған баспананың иесі атанып, қуанышқа бөленіп отырмын!

«Бұрғылаудың» қайырымды жандарына Алла разы болсын! Жанұяларыңызға бақыт, күндеріңізге тек қана жақсылық тілеймін!, – деді жүрекжарды алғысын білдірген Қарлығаш Тұрмамбетқызы, қуаныштан шыққан көз жағын сүртіп.

– Қарлығашпен 10 жылға жуық көрші болып тұрдым. Өте керемет жан. Баласы үшін басын бәйгеге тігіп, өмірдің қиындықтарына қажымайтын қайсар ана десем де болады. Кішкентайынан қозғала да, сөйлей де алмаған баласын көптеген орталықтарға апарып 5 мәрте ота жасатты. Алматыға баласын емдетіп жүргенде массаж жасаудың арнайы курстарынан өтіп массаж мамандығын игеріп алды. Осы жүргенде өзі медициналық дипломы жоқ дәрігер. Өз баласына массаж, екпе, система салу секілді қажеттіліктің барлығын шебер жасайды. Қазір соның арқасында ұлы сөйлей алатын күйге жетіп, тартылып қалған қол аяқтарын қозғалта алатын болды. Жағдайының жақсарғаны соншалықты, баласы көптеген сайыстарға қатысып жүлделі орындарды иеленіп жүр. Жақында ғана церебральді ауруға шалдыққан адамдарға арналған, Маңғыстау облысы көлемінде өткен бочча чемпионатында бірінші орынға қол жеткізіп, Астана қаласында өтетін республикалық жарысқа жолдама алды. Әрқашан тәуекелге бел буып, талпынып жүретін Қарлығаш менің үйімді сатып алады деп мүлдеп ойламаппын. Көшетін болып 3 бөлмелі баспанамды сатуға шығарғанымда Қарлығаш 1 бөлмелі баспанасын сатып: «Апа, қолымда 4 миллион теңге бар үйіңізді маған 8 миллионға сатасыз ба, қалған қаражатты кейін берсем?» – деді. Шынымды айтсам, басында сасып қалдым не айтарымды білмей. Себебі сатылымға шығарған үйім нарық бағасында кемінде 11 миллион тұрады. Бір жағынан Қарлығашқа да бере алмаймын деп айта алмадым. Жолдасыммен ақылдасып баспанамызды Қарлығашқа беретіндігімізді айтқанда, ол қатты қуанды. Міне, араға көп уақыт салмай қасиетті Рамазан айында «Бұрғылау баспана» қайырымдылығы қалған қаражатты төлеп, 3 бөлмелі баспананы Қарлығаштың атына рәсімдеп берді. Мұқтаж жанға қол ұшын созған «Бұрғылау» мекемесінің қайырымды жандарына көп-көп рақмет! Табыстарыңыз берекелі, қайырлы істеріңіз сауапты болсын!, – деп шынайы ақ тілегін жаудырды көршісі Айтөре Мұхитқызы.



КӨП БАЛАЛЫ АНАҒА ПӘТЕР СЫЙЛАДЫ

Тұрмыс тауқыметіне ұшыраған жандарға қолдау көрсететін «Бұрғылау баспана» қайырымдылық қорының өкілдері кезекті тоғызыншы баспананы 4 бала тәрбиелеп отырған жалғыз басты анаға берді. Айнаш Шуақбаева 4 бөлмелі пәтерге ие болды.

Қайырымдылық, мейірімділік секілді ізгі амалдардың сауабы артатын қасиетті Рамазан айына тұспа-тұс келген игі шараға «Бұрғылау» компаниясының Бас директоры Қанат Ермекұлы, қоғаммен байланыс жөніндегі басқарушы директоры Дулат Амангелдіұлы, кәсіпорынның моторисі Есенгелді Омаров және «Бұрғылау баспана» қайырымдылық қорының белсенділері қатысты. «Бұрғылау» мекемесінен келген азаматтардың бәрі көп балалы ана Айнаш Шуақбаеваға өздерінің ақ тілектерін айтып, баспаналы болуымен құттықтады.

Айнаш Шуақбаева – тағдырдың сынағына сыр берместен балаларын жалғыз өзі асырап отырған қайсар ана. Тұңғыш қызынан кейінгі ұл баласы аутизм дертімен ауырады. Балаларының қамын ойлайтын ана шағын жеке мекемелерге барып еден жуып, ыдыс жуып нәпақа табады. Бірнеше жылдардан бері қаладағы шағын аудандарда пәтер жалдап күнелтті. Көп балалы ананың соңғы бір бөлмелі пәтеріне «Бұрғылау баспана» қайырымдылығының белсенділері барып, отбасындағы жағдайдың өте ауыр, баспанаға мұқтаж екенін өз көздерімен көрген болатын.

Қасиетті Рамазан айында «Бұрғылау баспана» қайырымдылық қорының көмегімен баспаналы болған жалғызбасты ана «Бұрғылау» мекемесінің жұмысшыларына ризашылығын білдірді.

– Жанашыр азаматтар үйге келіп, хал-жағдайымызды сұрап кетті. Бірақ біз пәтер береді деп ойламадық. Бұл өзі біз үшін күтпеген жағдай болды. Мен шексіз ризамын! Алла Сіздерге разы болсын! Тұтқан оразаларыңыз бен жасаған қайырымдылықтарыңыз, көрсеткен қамқорлықтарыңыз сауаптарға бұйырсын! «Бұрғылау» ұжымына, осы қайырымдылыққа атсалысқан баршаңызға шын жүректен алғысымды айтамын!, – деді көңілі толқып көзіне жас алған Айнаш Шуақбаева.



«БҰРҒЫЛАУДА» АМАЛ МЕРЕКЕСІ ТОЙЛАНДЫ



Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС



Жылдағы үрдіс бойынша 14 наурыз күні таң сібірлеп атысымен «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қайырбек Елеусінов пен «Бұрғылау» ЖШС Бас директоры Қанат Ермекұлы орынбасарларымен бірге кәсіпорын автобекетіндегі қызметкерлермен көрісіп, Амал мерекесімен құттықтады. Мерекеге орай жыл сайынғы дәстүр бойынша автобекетте дастарқан жайылып, қызметкерлер ұлттық тағам – бауырсақ пен шұбаттан ауыз тиді. «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп көрісіп, мауқын басып», – деп хакім Абай жырлағандай, тіршілік бастауы көктемнің осынау мерейлі мерекесінде барлық цехтар мен бөлімдерде дастарқан жайылып бір-бірімен құшақ жая көрісіп, шынайы ақ тілектер ақтарылып мерекенің шырайын ашты.

Сонымен қатар «Бұрғылау» ұжымы саналы ғұмырларында тынымсыз еңбектерімен елді мекеніміздің негізін салуға жол ашқан Қызылсай ауылындағы ардагерлермен көрісіп, сый-құрмет көрсетіп, баталарын алды. Тоқсан жастың төріне шыққан ардагерлеріміз еңбек жолдарын еске алып, ұлағатты әңгімелерін өрбітіп, мерекемен құттықтап келгендерге зор ризашылықтарын білдірді.

Амал – қазақ халқының ежелден келе жатқан мерекелерінің бірі. Бұл – күн мен түннің теңелген тұсында, қыстың бейнеті мен қиындығынан аман-есен шығып, халықтың Наурыз мейрамы алдында мәре-сәре болатын күндерінің бірі. Амал – қол алысып, көрісумен ғана өлшенбейді. Бұл күні адамдар арасындағы бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, жақын жандар бір-біріне амандық-саулық тілеседі. Көрісу – ағайын мен туыс арасындағы байланысты бекітетін тамаша дәстүр.

«БҰРҒЫЛАУ» ҰЖЫМЫНДА АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ

Ізеттілік пен ізгілікке, мейірімділік пен кешірімділікке, қайырымдылық пен сабырлыққа ұйытқан қасиетті Рамазан айының құрметіне орай, жылдағы үрдіс бойынша биыл да «Атамекен» мейрамханасында «Бұрғылау» мекемесінің ұжымына арналған ауызашар шарасы ұйымдастырылды. Ауызашар басталған кезде «Бұрғылау» мекемесінің теолог маманы Заманбек Манарбекұлы қадірлі қонақтарды Алланың мейірімі төгіліп, күнәлар мен жамандықтар кешіріліп, сансыз сауаптар еселенетін қасиетті аймен құттықтап, қасиетті Құран аяттарын оқып, ізгі тілегін арнады. Сонымен бірге мекеме басшысы да жиналғандарды барша мұсылман баласы айлардың сұлтаны санайтын Рамазан айымен құттықтап, ізгі ниетін жеткізді.

– Қасиетті айдың берекелі күнін өздеріңізбен қарсы алып отырғаныма қуаныштымын. Қателігімізді түзеп, иманымызды күшейтіп, сауаптарымызды толтырған

қасиетті айда ұстаған оразаларыңыз қабыл болып, жасаған әрбір қайырлы істеріңіздің сауабы еселене берсін!, – деді Қанат Ермекұлы.

Рухани кеште діни білімге қатысты ойындар ұйымдастырылып, сұрақтар қойылды. Қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап бергендерге ұйымдастырушылар тарапынан сыйлықтар табысталды. Кеш соңында қасиетті Құран аяттары оқылып, «Әбіш қожа» мешітінің наиб имамы Қажымұқан Дәлубайұлы арнайы дұға жасады.

Жанымызды жылытып, жүрегімізді жұмсартып, рухымызды азықтандырған қасиетті Рамазан айындағы тұтқан орамамыз бен дұға-тілектеріміз, игі амалдарымыз қабыл болғай! Біліп-білмей істеген үлкенді-кішілі күнәларымыз болса кешіріліп, үлкенді-кішілі жақсылық жасауға, қасиетті айды қастерлеп өткізуді бұйырсын баршамызға!



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ



Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні жыл сайын 28 сәуірде атап өтілетін мереке. Бұл сонымен қатар жұмыста қайтыс болған немесе жарақат алған жұмысшыларды еске алудың халықаралық күні.

Кәсіби мерекені еңбек қауіпсіздігі бөлімінің қызметкерлері қоршаған ортаның тазалығын жақсарту үшін сенбілік жасаудан бастады. Одан кейін «Бұрғылау» мекемесінің Орталық оқу ғимаратында қазан асылып, тағамдарға толы дастарқан жайылды. Мерекелік шараға «Бұрғылау» ЖШС Бас директоры Қанат Ермеқұлы, «Бұрғылау» ЖШС бас директордың қаржы жөніндегі орынбасары Бақытжан Маткерұлы, «Бұрғылау» ЖШС қоғаммен байланыс жөніндегі басқарушы директоры Дулат Амангелдіұлы және бөлім басшылары мен мекеме қызметкерлері қатысты.

– Компания үшін әрбір қызметкердің денсаулығы мен өмірін сақтау, жазатайым оқиғаларды

болдырмау, еңбекті қорғау мәдениетін қалыптастыру қашанда басты міндет болып табылады. Бұл ретте мекемеміздегі еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мамандарына маңызды міндет жүктелген. Сіздер әрбір қызметкерге қолайлы еңбек жағдайын қалыптастырып, қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етіп келесіздер. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Қызметте абыройлы, отбасында бақытты, ел ішінде сыйлы болуларыңызды тілеймін!, – деп құттықтау тілегін білдірді мекеме басшысы Қанат Ермеқұлы.

Көңіл күйді бірлестірген мерекелік шарада еңбек қауіпсіздігі бөлімінің қызметкерлеріне сыйлық сертификаттар табысталды. Сонымен қатар жақында құрметті еңбек демалысына шығатын Айтбай Мәңгібайұлы арнайы «Сақ маман» жобасының сый-сияпаттарымен марапатталды.

Бүкіл әлемдік еңбекті қорғау күніне арналған іс-шара қонақтарға жағымды эмоциямен жағымды пікірлер қалдырды.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТИЛДІ

14 наурыз күні «Ажар» мейрамханасында Амал мерекесіне орай, қойнауы құтты мекеніміздің байлығын игеріп, ел экономикасының өркендеуіне қомақты үлес қосып, ізгілікті іздерін қалдырған зейнеткерлер үшін арнайы дастарқан жайылды. «KazPetroDrilling» АҚ бастамасымен қолға алынған іс-шараны «Бұрғылау» және «МұнайФилдСервис» кәсіпорындары бірлесіп өткізді. Мерекелік шараға «Бұрғылау», «МұнайФилдСервис», «ӨзенМұнайГаз» кәсіпорындарының және Жаңаөзен қаласының, Қызылсай, Теңге, Рахат ауылдарының 80-ге шуық зейнеткерлері шақырылды.

Алғашқы құттықтау сөзді алған «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қайырбек Елеусінов зейнеткерлерді бірліктің белгісіне, татулықтың таңбасына айналған Амал мерекесімен құттықтады. «Мұнайлы өлкенің, қала берді бүкіл қазақ елінің дамып, гүлденуінде сіздердің үлестеріңіз ұшан-теңіз. Ұзақ жылдар бойы түбек мұнайын игеріп, ел экономикасын дамытуға қосқан өлшеусіз еңбектеріңіз үшін зор алғыс! Елге етер еңбектеріңіз, келер ұрпаққа берер тәлімдеріңіз алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенемін», – деді Қайырбек Сағынбайұлы.

Алғашқы мұнай игерушілердің қатарына еніп, тыңға түрен салған ардагер бұрғышылардың бірі – 94 жастағы Қойшыбаев Таңбай ақсақалдан бастап, Маңғыстау облысының құрметті азаматы Қарамұрзаев Болатбай, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматтары – Аманжан Өтесінов, Құрақ Тілеуқұловтар келіп, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын берді.

– Өмір деген – ауыспалы дүние. Басы қайсы, аяғы қайсы екенін білмейсің. Өз өміріңді билей де алмайсың. Уақыт дарияның ағысындай жылдам өтіп кеткенін байқамай да қаласың. Сонда көңілге қаяу түсірмейтін жалғыз себеп – артыңнан ілесіп келе жатқан көш. Олар сен салып кеткен ізбен келеді. Міне, қарттықтың жалғыз қуанышы осы болса керек, – деді бұрынғы көштің жалғасына ризашылығын білдірген Қойшыбаев Таңбай ақсақал.

Көптен бері жүздескен зейнеткерлер бір-бірімен қауқылдасып, өткендерін естеріне алып бір жасап қалды. Ұйымдастырушылар тарапынан қонақтарға сыйлықтар таратылды. Сондай-ақ қадірлі меймандар үшін жаңаөзендік өнерпаздар ән-күйден шашу шашты.



ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІ АЛҒАШ РЕТ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТОЙЛАНДЫ

«Отыз күн оразаның бір айты бар, әр қылған жақсылықтың бір қайты бар» дегендей қасиетті Рамазан айында Алланың парызын орындап, жасаған жақсылықтың қайтарымын еселеген, бірлік пен берекенің ұйтқысы болған мерейлі мерекені «Бұрғылау» ұжымы алғаш рет кең көлемде тойлады. Қасиетті Рамазан – қайырымдылық айы болып саналса, Ораза айт – мұсылман баласын қуанышқа бөлейтін мейрам. Атаулы мереке «Ақниет» мейрамханасында сән-салтанатымен өтті.

Ұлық мереке рәсімі қасиетті Құран-Кәрімді оқумен басталды. Мұнан кейін «Бұрғылау» мекемесінің Бас директоры Қанат Ермеқұлы жиналған қауымды Ораза айтпен құттықтап, ел ішінде тыныштық мәңгі тұрақтап, әр шаңырақта құт-береке орнауын, ынтымағы жарасқан мекемеміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болуын тіледі.

Рухани рәсімге арнайы шақырылған Тараз қаласы «Һибатулла Тарази» орталық мешітінің наиб имамы Нұралы Бақытұлы, Жаңаөзен қаласының бас имамы Қажымұқан Дәлұбайұлы және Жаңаөзендегі «Шаңырақ» мешітінің ұстазы Әжімұқан Нұрмұханұлы секілді қонақтар жиналған жама-

ғатқа имандылықтың көркемдігі туралы ғибратқа толы уағыз-насихаттарын айтты. Сонымен қатар шара барысында «Бұрғылау баспана» қайырымдылық қозғалысына үзбей атсалысып жүрген белсенді азаматтарға сый-сияпат көрсетіліп, «Алғыс хаттар» тапсырылды.

Жиналған көпшілікке жаңаөзендік өнерпаздар діни және ұлттық құндылықтар жайында қойылымдар көрсетіп, ән мен күйден шашу шашты. Арнайы ұйымдастырылған спорт шаралары да көпшіліктің көңілін көтерді. Атап айтқанда арқан тарту, ләңгі тебу секілді ұлттық ойындар ойналды. Жеңімпаздарға ақшалай ұтыстар мен арнайы сыйлықтар табысталды.

Осылайша әрбір мұсылманның жүрегін шаттыққа толтырып, үлкенді де, кішіні де мәз-мейрам еткен Ораза айт мерекесі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, бірлік пен татулық аясында асқақтап өтті. Адамдарды бауырмалдылық пен кішіпейілділікке, кешірімділік пен сүйіспеншілікке шақырған рухани мерекеге көңілдері толған ұжым қызметкерлері осындай іс-шараны келесі жылы да ұлықтап өткізуді тіледі.



КӨКТЕМГІ СЕНБІЛІК КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАДЫ

Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

Жуырда «Бұрғылау» мекемесінде сенбілік ұйымдастырылып, кәсіпорынға қарасты аумақтарды, цехтардың айналасын тазалау, көркейту және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Сенбілікке мекеме басшысынан бастап, серіктестіктің барлық қызметкерлері бір кісідей атсалысты. Әрбір цех өздеріне тиесілі аумақтарда тазалық жұмыстарын жүргізіп, жас көшеттер отырғызды. Сонымен қатар ағаштардың түптері әктеліп, топырағы қопсытылды. Сенбілікке тартылған арнайы техникалар жиналған қалдық-қоқыстарды қала сыртындағы полигонға тасымалдады.

– Таза аула, таза көше, таза жер кімнің де болсын еңсесін көтеріп, жақсы көңіл күй

сыйлайды. Орналасқан орынның ауласы да, ауасы да таза болса емін-еркін дем алып, өзіңді жайлы сезінесің. Екінші үйімізге айналған мекемеміздің көркін арттыру – кезек күтпемейтін күн тәртібіндегі мәселе. Бүгінгі сенбілік шарасы да сол үшін ұйымдастырылды.

Қоршаған ортаның таза әрі керікті болуы бәріміздің ортақ мәртебеміз. Сенбілікке бейжай қарамай, тазалыққа атсалысудан аянбауымыз керек, – деді сенбілікте белсенділік танытқан Сапа бөлімінің инженері Гүлшат Жұмабекқызы.

Жыл сайын өткізілетін сенбілік шараларының қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және мекеменің санитарлық жағдайын жақсартуға оңды әсерін тигізіп жатқаны көңіл қуантады.



Өндіріс тынысы

«ҚАЗТЕХМҰНАЙСЕРВИС» «ДУНГА» КЕНІШІНДЕГІ ІРІ ЖОБАҒА ҚАТЫСУДА

«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС-і еліміздің мұнай-газ өндірісіндегі ұңғымаларды күрделі жөндеумен айналысатын 70 жылдық бай тәжірибесі бар ірі компаниялардың бірі. Оның өз алдына жеке кәсіпорын болғанына биыл міне 7 жыл толды. Серіктестік көптеген жылдардан бері «ЕмбіМұнайГаз» АҚ, «IC Petroleum» АҚ секілді танымал ірі мекемелермен қоян-қолтық жұмыс жасайды.

Өткен 2022 жылы «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС-і Атырау облысына көршілес Маңғыстау облысында орналасқан «Total E&P Dunga GmbH» компаниясынан ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстары бойынша өтетін тендерге қатысуға шақырту алды. Аталған мекеме мұнай-газ саласындағы аса ірі француз компаниясы «Total Energies»-тің еншілес компаниясы болып табылады. Осыған байланысты «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС-і басшылығы және «Total E&P Dunga GmbH» компаниясы арасында іскерлік кездесулер мен келіссөздер өтіп, нәтижесінде екіжақты тиімді шешімдерге қол жеткізілді. Қазіргі уақытта «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС-нің қызметкерлері аталмыш «Total E&P Dunga GmbH» компаниясына қарасты «Дунга» кенішінде ұңғыма ішілік жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Мұнымен ғана қоймай мекеме басшылығы «Total E&P Dunga GmbH» компаниясымен тұрақты іскерлік қарым-қатынас орнатып, осы мекемеден тағы да ұзақ мерзімді жұмыс көлемдерін алу мақсатында, күрделі жөндеу жұмыстары бойынша өтетін тендерге қатысуда.

Ақтау қаласының солтүстік-батыс бағытындағы 50 шақырым жерде орналасқан, Маңғыстау облысы Түпқараған ауданындағы «Дунга» кеніші – «Total E&P Dunga GmbH» компаниясының меншігі. Кеніште 200-ден аса ұңғыма бар. Ал жер қойнауындағы геологиялық қоры 106 млн. тонна мұнай және 6 млрд. текше метрден аса газ деп жобаланған. Бүгінде мұнда тәулігіне 14,700 баррель көлемінде мұнай өндіріліп жатыр.

Өткен 2022 жылдың желтоқсан айынан бастап жұмыс көлемдері үшін әзірлік шараларына кіріскен «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі көтергіш агрегат пен құрал-жабдықтарды дайындау жұмыстарын тез арада ұйымдастырып үлгерді. Дәлірек айтқанда, тиісті жабдықтардың жұмысқа жарамдылығы сынақтан өткізілді және олардың МЭК 60079-14, МЭК 60079-17 стандарттары мен ТР ТС 012/2011 талабына сай қауіпсіздігі пысықталды. Бұл жұмыстар үшін америкалық мұнай институтының API 16A, API 6A, API 16C, API 16D және API RP53 стандарттарына сай сертификатталған атқылауға қарсы қолданылатын құрал-жабдықтар кешені (Blowout preventer equipment) тартылды. Көтергіш қондырғы мен қосалқы құрал-жабдықтардың техникалық жағдайын «Вайсус групп» (бұрынғы «Модуспек/Ллойд Регистер») тәуелсіз инспекторлық компаниясы тексеруден өткізді.

Осы жобаға тартылған «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС-і қызметкерлерінің барлығы дайындықтан өтіп арнайы оқытылған және IWCF (Ұңғымаларды басқару жөніндегі халықаралық форум) және CompEX – жарылыстан қорғайтын құрал-жабдықтар жөніндегі стандарттарға сәйкес ұңғымаларды басқаруға арналған сертификаттары бар мамандар.

«Total E&P Dunga GmbH» компаниясының жобасы «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі үшін шетелдік батыс елдерінің стандарттарымен жұмыс жасаудағы алғашқы баспалдақ іспетті. Болашақта да «ҚазТехМұнайСервис» компаниясы осы жобамен ғана шектеліп қалмай, одан әрі ізденуді және осындай байланыстарды барынша нығайта түсуді жоспарлап отыр. Серіктестің алға қойған басты мақсаты – таяу жылдарда мұнай-газ өндірісіндегі ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстары бойынша халықаралық нарыққа шығу.



«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженері **Кударов Еркін** «Total E&P Dunga GmbH» компаниясының бақылау картасымен және арнайы сертификатпен марапатталды.





ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күні, Отан қорғаушылар күні және Жеңістің 78 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Орайлас келген бұл мерекелерде тыныштық пен бірлікті қадір тұтып, Екінші дүниежүзілік соғыста ерліктің өлшеусіз өнегесін көрсеткен жауынгерлердің рухтарына тағзым ету — бүгінгі ұрпақтың парызы. Жыл өткен сайын сұрапыл соғыстың маңызы арта түсіп, майдан шебінде қаза болған батырларымыздың ерліктері мәңгі жадымызда сақталып қала береді.

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтап, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін! Отанымыздың бейбіт аспанын ешқашан бұлт шалмасын!

Д.Шәріпбаев,
«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» СБК» ЖШС
Бас директоры

Өндіріс тынысы

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ-БҰРҒЫЛАУ»: бұрғышылардың жыл басынан бергі көрсеткіші қандай?



Еркебұлан Сатқанбай,
«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС

«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС бұрғышылары жыл басынан бері жалпы өтімі 9813 метр болатын 8 ұңғыманың құрылысын аяқтады. Бұл ұңғымалардың жетеуі «ЕмбіМұнайГаз»-дың, біреуі «ҚазақТүрікМұнай»-дың тапсырысы бойынша бұрғыланды. Ұңғымаларды қазуға қатысқан бұрғылау қондырғыларының орташа механикалық жылдамдығы – 17,4 м/сағ болып қорытындыланды. Ал коммерциялық жылдамдығы – 1923 м/ай*ст болды. Айта кетелік, қондырғылардың өнімсіз уақыт көрсеткіші – 13%.

Бүгінге дейінгі жұмыс қорытындысы бойынша ең жоғары өтім көрсеткен №11 бұрғылау бригадасы. Рыспаев Төрехан мен Ізмағамбетов Қоныс басқаратын бригада Ақтөбе кен орнында ұзындығы 2214 метр бір ұңғыма қазды. Жұмыста іскерлігімен көзге түскендер – бұрғышы – Досалиев Мұхтар, бұрғышының көмекшісі – Құттыбаев Нұрбол, Рысқалиев Берік және тағы басқалар.

Қаражанов Жайлыбек пен Рахметов Қанат басқаратын №1 бұрғылау бригадасы Балғымбаев және Молдабек кен орындарында жалпы ұзындығы 2151 метр екі ұңғыма қазды. Бұрғылау қондырғысының (ZJ-40) орташа механикалық жылдамдығы – 14,2 м/сағ болса, коммерциялық жылдамдығы – 2875,1 м/ай*ст болды. Қондырғының өнімсіз уақыт көрсеткіші – 1%. Бригадада үздік жұмыс көрсетіп көзге түскендер – бұрғышылар – Қалиев Мақсат, Ермағамбетов Амантай, мотористер – Жолмағамбетов Рүстем, Аманғалиев Бисембай, бұрғышы көмекшілері – Идрисов Ильяс, Сүйесінов Сәкен, Сүлейменов Дастан, электромонтерлар – Шампеков Жалғас, Сейдуллаев Медет және тағы басқалар.

Үшінші орынға Молдабек кен орнында жалпы өтімі 2051 метр болатын үш ұңғыма қазған Аблялиев Бақтыбек пен Сисенғалиев Ерік басқаратын №6 бұрғылау бригадасы жайғасты. Бұл бригада басқаратын ZJ-20 бұрғылау қондырғысының механикалық жылдамдығы – 16,2 м/сағ, коммерциялық жылдамдығы – 1205,4 м/ай*ст болды. Жұмыста іскерлігімен көзге түскен мамандар деп механиктер – Жанғалиев Айдынды, Новицкий Сергейді, бұрғышы көмекшілері – Тобышев Бауыржанды, Төлегенов Ержанды, электрик – Бикетов Қуанышты, КИПИА маманы – Ткаченко Олегты және тағы басқаларды айтуға болады.

ОҚЫС ОҚИҒАСЫЗ 1000 КҮН

«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» мекемесінің оқыс оқиғасыз жұмыс істегеніне 1000 күннен асты. Сапа, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы Бижан Әділовтың айтуынша, компания бұл бағытта ауқымды және мұқият жұмыс жүргізіп келеді. Осы жұмыстар аясында менеджмент жүйесінің талаптары негізге алына отырып, қызметкерлер мен өндірістік процестердің барлық функциялары айқындалып, нақтыланды. Сонымен қатар сенімді стандартталған процестерді қолдану арқылы қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін «Нөлге саяхат» бағдарламасы іске асырылуда.



КАЙДЗЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖОБАСЫ СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



Еркебұлан Сатқанбай,
«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС

Инновациялық бағыт – кез келген кәсіпорын үшін тұрақты экономикалық өсімнің кепілі. Мұнай саласының қазіргі даму үрдісі осыны айқын көрсетіп отыр. Мұндай басымдық бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оның ішінде озық технологияларды игеруге берілуі тиіс.

«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» компаниясында 2021 жылдан бері «Кайдзен ұсыныстарын қабылдау» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаны бизнесті дамыту бөлімінің бас маманы Асқар Темірташев жүргізеді. Өндірісті жақсарту тәсілі ретінде Кайдзен жобасы қызметкерлердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру, өндіріс мәдениетін арттыру, сонымен қатар уақытты үнемдеуге және шығындарды азайтуға бағытталған барлық процестерді оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Аталмыш жоба аясында оңтайлы ұсыныс берген барлық қызметкерлермен қатар ұсынысы экономикалық пайда әкелген қызметкерлерге ақшалай сыйлықтар тағайындалады. Бір жылдан асатын уақыт ішінде жүзеге асырылған идеялардың

экономикалық тиімділігі байқалған соң сол ұсынысты берген қызметкерге бір реттік сыйақы беру ынталандырудың оңтайлы тәсіліне айналды.

2021 жылы Кайдзен ұсынысын берген қызметкерлердің бірі, бақылау-өлшеу аспаптары, автоматика және электроника бойынша бас маман Аслан Базарбаев болатын. Өндірісте нақты жүзеге асқан Кайдзен ұсынысы үшін Аслан 50 мың теңге сыйақы алды.

Аслан Базарбаев бұрғылау қондырғыларына орнатылған шамдардың тиімсіздігі туралы жазған. Аталған шамдардың жарық қуаты төмен болғанымен, электр энергиясын тым көп тұтынатынын айтқан еді. Сонымен қатар құрамында сынабы бар шамдардың тұрмыста қауіпті екендігін ескерте отырып, оларды жарықдиодты шамдармен алмастырып, бұрғылау қондырғыларына жарықдиодты жолақтарды орнату керектігі жөнінде ұсыныс жасаған. Осы ұсыныстан кейін компания басшылығы жарықдиодты шамдарды қолдану экономикалық жағынан пайдалы деп шешті.

Жарықдиодты шамдардың қызмет мерзімі 4 жылға жетеді. Оларды бір бұрғылау қондырғысында пайдаланған кездегі үнемдеу мөлшері 584 мың теңгені құраса, 9 бұрғылау қондырғысына орнатқанда 5 256 000 теңге үнемделеді екен. Бүгінге дейін өндіріс орындарынан 215 дана көлеміндегі люминесцентті лампалардың қалдықтары шығарылып, залалсыз тәсілмен жойылды. Енді люминесцентті лампалар сатып алынбайды. Олардың орнына 550 дана жарықдиодты шамдар орнатылды.


Айта кету керек, қазір бұрғылау қондырғыларының 80%-дан астамында жарықдиодты шамдар орнатылған және енді тек осы шамдар ғана сатып алынады.

Жаңалықтар

ӨНДІРІСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МЕКТЕБІ

Жақында мекеме қызметкерлері «Өндірістік қарым-қатынас мектебі» жобасының аясында «Әлеуметтік және өндірістік психология» модулі бойынша қысқа мерзімді оқудан өтті. Тренингке мекеменің 50-ден астам қызметкері қатысып, тобыр психологиясы, адам темпераменті, оларды түсіну және басқару тақырыптарында көптеген ақпараттар алды. Сонымен қатар еңбек заңнамасымен де терең танысты.

Бұдан бөлек мекеме механиктері «Гидравликалық жүйелердегі ақауларды іздеу» тақырыбында қысқа мерзімді оқу курсынан өтті. Тренингті өткізуге Халықаралық техникалық инновация институтының маманы шақырылды. Қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігін арттыруға бағытталған бұл іс-шара кәсіпорындағы еңбек өнімділігінің артуына септігін тигізеді деген ойдамыз.



СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

«ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» серіктестігінің қызметкерлері жуырда Атырау облысындағы елді мекендерді абаттандыру және «жасыл аймақтар» құрудың 2021-2025 жылдарға арналған өңірлік жоспары аясында сенбілік ұйымдастырды. Мекеме аумағына ағаш көшеттері отырғызылды, жасыл желектер суғарылды.

Аймақтың, базаның, қаланың экологиялық жағдайын жақсарту, кәсіпорын қызметкерлерінің экологиялық мәдениетін қалыптастыру, ғаламшардың, елдің, қаланың экологиялық жағдайына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас жасауға деген құштарлықты арттыру мақсатында өткізілген бұл іс-шара қызметкерлердің барлығына жақсы көңіл күй сыйлады.



Өндіріс тынысы

«КАСКОР-МАШЗАВОД»: ЖАҢА СТАНОК ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Орынбасар Қонысбаев,
«Каскор-Машзавод» ЖШС

Машина жасау саласы бойынша Маңғыстау облысындағы жетекші кәсіпорындардың бірі саналатын, мұнай-газ өнеркәсібіне арналған құрал-жабдықтар шығаратын «Каскор-Машзавод» серіктестігі өнімдер тізбесін жылдан-жылға көбейтуде. 2022 жылдың желтоқсан айында мұнда швейцариялық «Pffnner» компаниясының сорғы штангаларының муфтасын шығаратын ай-

налмалы үстелді көп позициялы Hydromat HC 52-12 станогы іске қосылды.

«Pffnner» компаниясы – үлкен көлемді бөлшектерді өндіруге арналған айналмалы бөлгіш станоктарды шығаратын әлемге әйгілі кәсіпорын.

Hydromat HC 52-12 станогы зауыттың Механикалық-жөндеу цехына орналастырылды. Бұл станокпен жұмыс жасау үшін 4 маман оқытылды. Екі ауысыммен жұмыс істеп тұрған станок қазір тәулігіне 1400 муфта шығарып жатыр.



Жаңалықтар

ДӘСТҮР ДӘРІПТЕЛГЕН КҮН

Әсел Қойшыбаева,
«МұнайФилдСервис» ЖШС

Мәдени-әлеуметтік шараларды өткізу «МұнайФилдСервис» мекемесінің жыл сайынғы жұмыс жоспарына енгізіліп, сәтті жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – Көрісу мерекесі.

Ағымдағы жылдың 14 наурыз күні Аман мерекесіне орай «МұнайФилдСервис» ЖШС базасы аймағында мерекелік шара өтті. Шараға Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Нұрбергелен Худибаев, қалалық мәслихат төрағасы Тимур Мусаев, «KazPetroDrilling» вице-президенті Қайырбек Елеусінов пен мекеме басшылары қатысты. Мерекелік шарада алғашқы құттықтау сөз кезегін алған қала әкімінің орынбасары мекеменің қалаға қосып жатқан үлесіне тоқталды. Сонымен қатар Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында жүзеге асып жатқан бірқатар ірі жобаларды атап өтті.

Биыл Жаңаөзен қаласының 55 жылдығына «МұнайФилдСервис» компаниясының 20 жылдық мерейтойы тұспа-тұс келіп тұр. Мекеменің айтулы датасына орай дайындық жұмыстары қазірден басталған. Бұл туралы «KazPetroDrilling АҚ вице-президенті Қайырбек Елеусінов атап өтті. «МұнайФилдСервис» ЖШС Бас директоры Белшер Нұрлан биылғы жылғы жаңа жобалар жөнінде баяндады.

Мерекелік шараның келесі кезегі өнер сайысына ұласты. Мекеменің барлық бөлімдері мен цех қызметкерлері сахналық қойылым көрсетті. Ұлттық салт-дәстүр насихатталған шарада «келін түсіру», «тұсаукесер», «бесікке салу» дәстүрімен қатар «босаға майлау», «құрсақ шашу» және «ерулік» салты көрсетілді. Сонымен қатар барлық қызметкерлер арасында ұлттық киім үлгісінен сән көрсетілімі өтті.

Мекеме базасы аумағында қос үй тігіліп, мерекелік дастарқан жайылды. Дастарқан мәзірінде қазақтың ұлттық тағамдары болды. Өнер сайысынан соң қонақтар түскі асқа шақырылды. «Керуен» тобының орындауында жанды дауыста ән шырқалды. Мерекелік шараға арнайы шақырылған қонақтарға, соның ішінде еңбек ардагерлеріне құттықтау сөз кезегі беріліп, ақ тілектер айтылды, бата берілді.

Келесі кезекте Аман мерекесіне орай ұйымдастырылған жиын ұлттық ойындар сайысына ұласты. Ұлттық ойындар мекеме аумағында өткізілетін барлық мәдени іс-шараның айырылмас бөлшегіне айналды. Тартысты бәсеке барысында қызметкерлердің дайындығы байқалды. Мекеме қызметкерлері арқан тарту, қол күрестіру, қой көтеруден бақ сынасты. Өнер сайысы мен ұлттық ойындардың жеңімпаздарына арнайы сертификаттар беріліп, марапаттар табысталды.



АУЫЗАШАР ДАСТАРҚАНЫ ЖАЙЫЛДЫ

«МұнайФилдСервис» және «Бұрғылау» мекемелері соңғы жылдары қайырымдылық шарасын өткізуде ерекше белсенділік танытуда. Биылғы Рамазан айында да осы бағытта бірнеше шара өткізуге жоспар құрылып, сол жоспарды жүзеге асыру мақсатында нақты қадамдар жасалды.

Алдымен 29 наурыз күні Жаңаөзен қаласындағы «Ажар сарайы» мейрамханасында көпбалалы аналарға «Ауызашар» дастарқаны жайылды. Бұл игі шараға «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қайырбек Елеусінов, «Бұрғылау» және «МұнайФилдСервис» мекемелерінің басшылары, Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Жансейіт Қайнарбаев, «ӨзенМұнайГаз» АҚ басшылығы, Жаңаөзен қаласы және оған іргелес елді мекендер мешіттерінің бас имамдары қатысты. Шара барысында жергілікті атқарушы орган тарапынан «KazPetroDrilling» АҚ және оған қарасты мекемелердің Жаңаөзен қаласының дамуына қосып жатқан үлесі туралы айтылды. Сондай-ақ жиынға арнайы қонақ ретінде шақырылған еңбек ардагерлері мекеме басшыларының қызметіне алғыс білдірді. Сөз алған көпбалалы аналар да ақ тілектерін айтып, өз ойларын ортаға салды.

Дәл осындай бағыттағы шара сәуірдің 5, 12 және 17 күндері жалғасын тапты. Бұл күндері де негізгі қонақ ретінде әлеуметтік осал топ өкілдері, мүмкіндігі шектеулі жандар шақырылды. Ауызашарға шақырылған әрбір қонаққа ерекше сый-құрмет көрсетілді. Мешіт имамдары әр ауызашар басқосуында ораза жайында қажетті мағлұмат беріп, пайдалы кеңестерімен бөлісті. Сондай-ақ ауызашарға қатысушылар да осындай игі істердің ұйытқысы болып келе жатқан мекеме ұжымына алғыстарын білдірді. Дастарқан соңында дүниеден өткен ата-бабалар рухына Құран бағышталды.

ЗЕЙНЕТКЕРГЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Біздің ұжымда саналы ғұмырын мұнай-газ өндіру саласына арнаған ардагерлерді зейнет демалысына салтанатты түрде шығарып салу рәсімі дәстүрге айналды. Биыл 20 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған мекемеде өзінің тәжірибесімен, өнегелі қызметімен абыройлы болған мамандардың бірі – бұрғышы Сейсенбай Досбағанбетов жуырда сондай сый-құрметке ие болды.

Сейсенбай Төребеқұлын зейнет жасына толуына байланысты марапаттау шарасына «МұнайФилдСервис» ЖШС Бас директоры Нұрлан Белшер, бас инженері Мұсабек Ханиев қатысты. Мекеме басшысы өз тарапынан осы күнге дейінгі атқарған абыройлы қызметіне орай арнайы «Алғыс хатпен» және естелік сыйлықпен марапаттады. Зейнет демалысына шыққан ардагер маман мекемеде 15 жыл бойы үздіксіз қызмет етіп, бар жиған білімін іс жүзінде мекеменің дамуы жолында жүзеге асырғанын айтты.



ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІККЕ АТСАЛЫСТЫ

Әсел Нұрланқызы,
«МұнайФилдСервис» ЖШС

«МұнайФилдСервис» ЖШС қызметкерлері Жаңаөзен қаласы бойынша ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке қатысты. Алдын ала белгіленген аймақта, атап айтқанда қаланың кіреберісіндегі «Жаңаөзен» стелласынан мекеме базасына дейінгі аралықта тазалық жұмыстарын жүргізуге 70-ке жуық қызметкер жұмылдырылды. Көпшілік болып атқарған тазалық акциясының нәтижесінде 10 кубка жуық қоқыс жиналып, арнайы полигонға тасымалданды.

Келесі кезекте мекеме қызметкерлері база аумағын абаттандыруға атсалысты. Өндірістік база аймағына арнайы сатып алынған жеміс ағаштары мен раушан гүлдері отырғызылды. Сонымен қатар ағаштарды суғаруға арналған инженерлік желілер тартылды.



Өндіріс тынысы

БІРЛЕСКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БОЛАДЫ

Аружан Досжанова,
«Мұнай көлік» ЖШС

Биылғы наурыз айының 30-31 жұлдызында «Шығыс Молдабек» кен орындарына іс-сапарға шығып, әріптестеріміздің жұмысымен танысып қайтудың сәті түсті. Өндіріс алаңына барғанда алғаш сөзге тартқан адамымыз «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС-ге қарасты №6-шы бұрғылау бригадасының басшысы Ерік Сисенғалиев болды.

Біз қазір осы «Шығыс Молдабек» кен алаңындағы №27-64 көлденең ұңғымада бұрғылау жұмыстарын жүргізудеміз. Бұл ұңғыманың тереңдігі 1007 метрге жетеді. Мұндағы бұрғылау жұмыстары басталғаннан бері бізге «Мұнай көлік» серіктестігінің техникалары қызмет көрсетіп жатыр. Жұмыс барысында ең алдымен қауіпсіздік мәселесіне айырықша көңіл бөлеміз. Күнделікті жұмысымыз таңертеңгі қауіпсіздік ережелерінен басталады.

Қазір мұнда «Мұнай көліктің» автокран, жүк көтергіш, шегендеу агрегаты, АЦН тәрізді 5 техникасы жүр. Аталған көліктерді басқаратын азаматтармен бірлесіп, өзара ауызбіршілік танытып еңбек етіп жатырмыз. Жұмысымыздың бәрі талап деңгейіне сай.

Бригада басшысының пікірін естіп, әріптестеріміздің жұмысын көргеннен кейін келесі өндіріс алаңына бардық. Бұл жерде бізді «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС-нің тағы бір маманы, №2-інші бұрғылау бригадасының басшысы Жеңіс Қуанов қарсы алды.

Бұл – №27-68 бұрғылау қондырғысы. Қазір мұнда ұңғыманы игеру, яғни мұнайды өндеп шығару жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Жұмысымыз жоспарға сай уақтылы жалғасуда. Жоспар бойынша ертең бұрғылау қондырғысын бөлшектеп, №27-71 жаңа нүктеге көшіру жұмыстары басталады. Біз қандай жұмыстар атқарсақ та қауіпсіздік мәселесі күн тәртібінен түспейді. Үнемі ауыр темірлермен жұмыс істейтін адамдардың қауіпсіздігі қатаң қадағаланады.

Қондырғыны көшіру барысында «Мұнай көліктің» техникаларына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Алдымен арнайы техника, яғни бульдозер, біздің орналасатын жерімізді дайындап, тегістеп береді. Одан кейін басқа техникалар іске қосылады.

«Мұнай көліктің» жігіттерімен ауа райының қолайсыздығына қарамастан, қыстың салқынында, күннің ыстығында бірлесіп, ауызбіршілікпен қызмет атқарудамыз. Әріптестерімізге әрда-



йым денсаулық, тек жақсылық тілейміз! – деді Жеңіс Ғарифоллаұлы.

Біз де өз кезегімізде ашық далада жұмыс істеп жүрген әріптестерімізге сәттілік тіледік. Бірлесіп атқарған жұмыстың нәтижесі де жақсы болатыны даусыз.

Мерекелік лебіз

БАТЫЛДЫҚ ПЕН БАТЫРЛЫҚТЫҢ РУХЫ КЕРЕК БІЗГЕ

Еш нәрседен қаймықпайтын батылдық пен батырлықтың қайсар рухы қазақтың бойынан өшкен жоқ. Ата-бабамыздың даңқты дәстүрлерін сақтаған айбарлы азаматтар аразамызда аз емес. Солардың санатында біздің «Мұнай көлік» компаниясындағы ардагер ағаларымыз да бар.

Бүгін біз Отан қорғаушылар күніне орай мекемемізде еңбек етіп жүрген интернационалист жауынгерлермен жүргізген сұхбатымызды назарларыңызға ұсынып отырмыз.



Асылбек Исекенов, «Мұнай көлік» ЖШС жартылай тіркемелі тягач автокөлігінің жүргізушісі:

Атырау облысында туып-өстім. Отбасында жеті ағайынды едік. Бір-бірімізбен өте тату-тәтті болдық. 1975 жылы қаладағы С. Мұқанов атындағы №10 орта мектепке барып, оны 1985 жылы бітірдім. Содан кейін ДОСААФ-қа (Кеңес Армиясы авиациясы мен әскери флотының еріктілер қоғамы) оқуға жіберді. Арада бір жыл өткен соң әскерге шақырды. Басында білген жоқпыз. Кейін Өзбекстанның Самарқанд қаласына барғанда айтты. «Осы жерде үш ай әскери дайындықтан өтесіңдер. Содан соң Ауғанстанға жібереміз», – деді. Ол кезде жас болғасын ба, асып-саспадық, қорықпадық.

Әскери дайындықтан кейін бізді 1986 жылдың тамызында Кабулге апарып түсірді. Сол жерде бір айдай болып, одан әрі Ауғанстанның Пули-Хумри қаласына жіберді. Сөйтіп, ауған жеріндегі әскери қақтығыс аймағына бардық. Мен «КАМАЗ» автокөлігінің жүргізушісі болдым. Құрылыс материалдарын, тағы басқа да әртүрлі заттарды тасыдық. Әрине, тасымал кезінде сақтықты басты назарда ұстадық. Себебі кез келген уақытта қарсыластардың шабуыл жасау ықтималдығы жоғары еді...

Әскерден оралған соң еңбекке араластым. Бүгінде міне, «Мұнай көлік» мекемесінде еңбек етіп жүрмін. Аллаға шүкір деймін! Әр жұмыстың өз несібесі бар ғой. Қызметім өзіме ұнайды. Ұжымда сыйлымын. Ең бастысы, жауапкершілік жүгін арамнан бір сәт түсірген емеспін.

Кәсіпорын басшылығы біз секілді ардагерлерді барынша қолдайды. Әртүрлі жеңілдіктер қарастырылған. Жыл сайын баспаналы болып жатқан ауған ардагерлері қаншама. Оның үстіне ай сайын қаржылай көмек беріп отырады. Шипажайларда тегін емделуге жағдай жасалған. Мерекелерде біздерді ұмыт қалдырмай, ұлықтайды. Сол үшін үлкен рақмет айтамын!

Сөздің орайы келгенде айта кетейін, өз басым ерлік, батырлық, жауынгерлік тәрізді ұғымдарды жастар арасында насихаттау мәселесіне ерекше мән берем. Біздің жас кезімізде ДОСААФ деген мекеме белсенді жұмыс істеді. Оның балаларды әскерге дайындаудағы рөлі жоғары еді. Сондай ұйымдардың қызметін қайта жаңғыртса деп ойлаймын. Сонымен қатар мектептерде, білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтарды көбейтсе. Мұндай іс-шаралар жастардың бойында отансүйгіштік рухтың бекуіне ықпал етер еді. Бүгінгі жасөспірім ұл-қыздарымыз – ертеңгі Отан қорғаушылар ғой. Сондықтан патриоттық дәстүр жалғастығы жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты бағыттардың бірі болуға тиіс деп санаймын.

Отан қорғаушыларының мерекесі қарсаңында газет оқырмандары мен әріптестеріме айтарым, аспанымыз ашық, дұшпанымыз қашық болсын! Елдің амандығын, жұрттың тыныштығын тілеймін!

Ақылбек Бақтығалиев, «Мұнай көлік» ЖШС шегендеу агрегатының моторисі:

Мен 1976 жылы Исатай ауданы Аққыстау ауылында дүниеге келдім. 1996 жылдың 2 ақпанынан 2 маусымына дейін Тәжік-Ауған шекарасында әскери міндетімді өтедім. Сол үш ай уақытта талай қиындықты бастан кештік, ішіп-жейтін ас-суымыздың, тіпті жуынатын судың тапшылығынан қардың суын пайдаланып жан бақтық. Әрине оның бәрі өз алдына бөлек әңгіме.

Әскерден келгелі мұнай-газ өндірісінде еңбек етудемін. Қазір «Мұнай көлік» ЖШС мекемесінде шегендеу агрегатының моторисімін. Ауысымдық әдіспен жұмыс істейміз. Әрине, отбасынан жырақта жүру кім-кімге болса да ұнай қоймайды. Бірақ

отбасынды асырау үшін еңбек етуің керек. Сондықтан бәріне де шыдауға тура келеді. Әрдайым басшылық тарапынан тапсырылған жұмысты дәл уақытыңда орындап, сенім үдесінен шығуға тырысамын.

Әріптестерімді, азаматтардың бәрін Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұжымдағы әріптестеріме зор денсаулық, қажымас қайрат, мол табыс тілеймін!

Мұрат Бекмағамбетов, «Мұнай көлік» ЖШС автокран машинисі:

Әскер қатарына 1993 жылы шақырылдым. 1994 жылдың мамыр айында десанттық шабуылшылар бригадасынан тәжік жеріне келісім-шартпен аттандым. Тәжікстанның таулы Бадахшан өлкесіндегі Хорог қаласында болдым. Пулеметшінің қызметін атқардым.

Қазақстаннан 70-тен астам жігіт барғанбыз. Арада аздаған уақыт өткеннен кейін біздерді Берушан қыстағы маңына жіберді. 540 метрлік биіктіктегі тосқауылда отырдық. Әскери қызметімді сол жерде өтедім десем де болады. Сөйтіп, еларалық бейбітшілікті сақтау ісіне өз үлесімді қостым.

Әскерден оралғанда бойымызда патриоттық рух жалындап тұрды. Шыңдалып, шымырланып қайттық. Ал енді қазіргі жастардың бойында отансүйгіштік һәм патриоттық сезімді орнықтыруға байланысты айтарым, «Отан – отбасынан басталады» деген қағиданың түпкі мәнін біз балаларымызға терең түсіндіруіміз керек. Бала тәрбиесі ата-анасына тікелей байланысты. Сондықтан әрбір ата-ана балаларын кішкентай кезінен бастап әскерге баулуға, Отанды сүюге тәрбиелеуі керек деп ойлаймын. Бұл – аса маңызды міндет. Мысалы, мен өзім ұлыма: «Өскенде әскерге барасың, азаматтық борышыңды өтеуің керек», – деп үнемі айтып отырамын.

Ұжымдастарымның барлығын Отан қорғаушылар мерекесімен құттықтаймын! Бәріне бақыт, қуаныш тілеймін! Бейбітшілік жасасын, аспанымыз ашық болсын!

Жаңалықтар

ТАТУ-ТӘТТИ ҰЖЫМҒА АЛҒЫС АЙТТЫ

Сәуір айында «Мұнай көлік» мекемесінің ұжымы тағы бір ардагерді зейнет демалысына шығарып салды. Бұл жолғы салтанатты рәсім кәсіпорында бірнеше жылдар бойы цементтеу агрегатының моторисі болып істеген Құлғалиев Исатай Ізбасұлына арналды.

Исатай Ізбасұлы 1960 жылы 14 сәуірде Атырау қаласында дүниеге келді. Еңбек жолын 1977 жылы бастады. Ал 2007 жылдан бастап Холдинг құрамындағы еншілес мекемелердің бірі – «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС-інде істеді. Аталған кәсіпорында 10 жыл еңбек еткеннен кейін, 2017 жылы «Мұнай көлік» компаниясына ауысты.

Шығарып салу рәсімі барысында Бақытжан Қадыров бастаған ұжымға алғыс білдірген ардагер: – Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсете білетін тату-тәтті ұжымға айтар алғысым зор! Мекеменің алдағы жұмысына сәттілік тілеймін! Ауыз-бірлігі мықты компанияның болашақта үлкен белестерді бағындыратынына кәміл сенемін! – деді.

Өз тарапынан мекеме басшылары да Исатай Ізбасұлына шын жүректен құрмет көрсетіп, адал еңбегі үшін «Алғыс хатпен» марапаттады. Естелік сыйлық ретінде Смарт теледидарын табыстап, жылы лебіздерін білдірді.



Жаңалықтар

Өндіріс тынысы

«ТРУБРЕМЦЕНТР»: ЖАҢА ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Орынбек Орынбасаров,
«ТрубРемЦентр» ЖШС

Құбыр өнімдерін жөндеу және өндірумен айналысатын «ТрубРемЦентр» серіктестігі – уақыт талабына сай дамып келе жатқан кәсіпорындардың бірі. 2023 жылдың басында мұнда бұрғылауға арналған құбыр өнімдерінің барлық түрлерін жөндеуге бағытталған жаңа жоба іске қосылды. Жобаның өндірістік қуаты айына 630 құбырға жетеді.

Аталған жоба аясында корейлік «HANKOOK» бренді бойынша жасалған, сандық үлгідегі басқару пульті бар станоктар сатып алынды. Аймақтағы отандық өндірісшілер арасында теңдесі жоқ технология саналатын бұл станоктар диаметрлері әртүрлі ББҚ (болаттан жасалған бұрғылау құбыры), ҚБҚ (қалың қабырғалы бұрғылау құбыры) және СБҚ (салмағы ауыр бұрғылау құбыры) тәрізді құбыр өнімдерінің барлық түрлерін жөндеу үшін пайдаланылады. Сонымен қатар құбыр аударғылары, шақтауға арналған аударғылар тәрізді мұнай өнеркәсібіне қажетті құрал-жабдықтарды дайындау және майысқан құбырларды түзету жұмыстарын да атқарады.

«HANKOOK» станоктары Voestalpine (VAGT), Vallourec (VamTop), TMK-Group (TMK UP), NOV (Grand Prideco), API 7-2, API 5CT, ГОСТ 632-80 тәрізді халықаралық стандарттарға сәйкес премиум бұрандаларды да жона алады.

Осындай озық технологиямен жұмыс істеп жатқан «ТрубРемЦентр» серіктестігі алдағы уақытта өнімдерін өткізетін нарық ауқымын кеңейтіп, «Wellbore integrity solutions Kazakhstan», «Schlumberger», «KMG Parker», «Baker House», «Weatherford oilfield services» секілді шетелдік компаниялармен іскерлік байланыстар орнатуды жоспарлап отыр.



Әріптес

БІР КҮНДЕ 300 ДАНА ҚҰБЫР ТЕКСЕРІЛЕДІ



Алдыға мақсат қойып, соған жету жолында біртұтас команда болып жұмыс істеп жатқан ұжым үшін әр адамның еңбегі бағалы. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз «ТрубРемЦентр» серіктестігіндегі тәжірибелі мамандардың бірі – Хасен Әсербаев. Кәсіпорындағы басқару постының операторы болып істейтін азаматпен арадағы шағын сұхбатымыз оның осы мекемедегі еңбек жолынан басталды.

– Бұл компанияда еңбек еткеніңізге қанша жыл болды?

– Он жылдан асты, дәлірек айтқанда, он үш жыл болды. Мен бұл кәсіпорынға 2010 жылы келгем.

– Алғашқыда қандай жұмыс істедіңіз?

– Жұмысқа алғаш келгенде құбыр жуушы болып

қабылдандым. Сол жұмысты 6 жыл атқардым.

– Сонда қазіргі жұмысыңызды 2016 жылдан бері істеп жүрсіз бе?

– Иә, сол 2016 жылдан бері осы басқару постының операторы, яғни шаблоншы болып істеймін.

– Шаблоншының нақты не істейтінін түсіндіре кетсеңіз?

– Шаблоншының басты міндеті – цехқа әкелінген құбырларға шаблон, яғни белгі салу арқылы олардың қайсысы жарамды, қайсысы жарамсыз екендігін анықтау.

– Сіздің мына сөзіңізге қарағанда, шаблоншыны қазақшалап белгі салушы десек те болады екен ғой?

– Иә, белгі немесе таңба салушы деуге болады.

– Белгі салушының бір күндегі жұмыс көрсеткіші қандай екенін айта кетсеңіз?

– Шамамен алғанда, бір күннің ішінде 300 дана құбыр тексеріліп, белгі салынады.

– Бұл көрсеткіш аз емес болар. Дегенмен одан жоғары нәтижеге жетуіңізге тілектеспін.

– Рақмет, айтқаныңыз келсін!

– Ұжымдағы әріптестеріңіз жайлы не айтасыз?

– Әріптестерімнің бәріне ризамын! Бір атаның балаларындай тату-тәтті араласып, бірлесіп еңбек етіп жатырмыз. Ұжымдағы жас мамандарға білгенімді айтып, көрсетіп, өз тәжірибеммен бөлісіп отырамын. Біздің ісімізді одан әрі жалғастырып, осы кәсіпорынды алға тартатын солар ғой. «Бірлік болса, тірлік болады» дегендей, жұмысымыз осылай жалғаса берсе, бұдан да үлкен жетістіктерге жетеміз деп ойлаймын.

– Мамыр айындағы мерекелерге орай ұжымдастарға айтар тілегіңіз?

– Иә, мамыр айының басында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, одан соң 9 мамыр – Жеңіс күні секілді мерекелерді атап өтеміз ғой. Ұжымдастардың барлығына мереке құтты болсын деймін! Мемлекетімізбен бірге мекемеміз де гүлденіп өркендей берсін! Әр қызметкерлердің отбасына аманшылық, молшылық пен бақ-береке тілеймін!

– Уақыт бөліп әңгімелескеніңізге рақмет!

Жаңалықтар

ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Сәуір айының 20-ыншы жұлдызында «ТрубРемЦентрдің» тағы бір ардагері зейнет демалысына шықты. Жарылғасын Оразымбетұлы Клычов кәсіпорында 2007 жылдан бері еңбек етті. Бастапқы оншақты жыл көлемінде әртүрлі жұмыстарды атқарды. Ал соңғы жылдары компрессорлық қондырғының машинисі болып істеді.

Ардагер маманды шығарып салуға арналған рәсім барысында компанияның Бас директоры Жандос Ғазиз мырза құттықтау сөзін айтып, жылы лебіз білдірді. Мекеме басшылығы атынан құрмет көрсетіліп, естелік сыйлықтар тапсырылды.



KPD news

KazPetro DRILLING

kazpetrodrilling.kz

KPD News корпоративтік газеті

Меншік иесі: «KazPetroDrilling» АҚ

Редакция мекенжайы:
Алматы қаласы, Чайковский
көшесі, 95-үй, 105-кабинет
Телефон: 8 (727) 352 70 52

Газет ҚР Ақпарат және
коммуникациялар министрлігінде
2019 жылдың 18 сәуірінде
тіркеліп, №17672-Г куәлігі берілген.



Шеф редактор:
Мұрат МҰҚАШЕВ

Электронды пошта:
m.mukhashev@kazpetrodrilling.kz

Дизайнер:
Ермек ҚАБЛАНБЕКҰЛЫ

«Компания Leader Offset Printing»
ЖШС-ның баспаханасында
басылды.

Баспахананың мекенжайы:
Алматы қаласы,
Райымбек даңғылы 212а/8

Таралымы
2000 дана.

Газет 2019 жылдың
сәуір айынан шыға бастады.

Екі айда бір рет шығады.